

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫ

**Басқару институты**

қолжазба құқығында

**Жомарт Ақмөр Жанатбекқызы**

**БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ЖЕТІЛДІРУ**

«7M041 – Бизнес және басқару» дайындық бағыты бойынша  
«7M04105 - Мемлекеттік саясат» білім беру бағдарламасы бойынша

Бизнес және басқару магистрі дәрежесін иелену үшін магистрлік жоба

Ғылыми жетекші \_\_\_\_\_ Ж.Ж. Давлетбаева, ә.ғ.к.

Жоба қорғауға жіберілді: «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2023ж.

Басқару институтының директоры \_\_\_\_\_ З.С. Гаипов, с.ғ.д.

Астана, 2023 ж.

## Мазмұны

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР .....</b>	<b>4</b>
<b>КІРІСПЕ.....</b>	<b>5</b>
<b>НЕГІЗГІ БӨЛІМ .....</b>	<b>8</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>33</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>38</b>

## Нормативтік сілтемелер

Осы магистрлік жобада келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1959 жылы 20 қарашадағы «Бала құқықтары Декларациясы»;

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 1989 жылғы 20 қарашадағы «Бала құқықтары туралы Конвенциясы»;

Қазақстан Республикасының 1995 жылы 30 тамыздағы Конституциясы;

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылғы 8 маусымдағы «Бала құқықтары туралы Конвенцияны ратификациялау туралы» қаулысы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығы;

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319 Заңы;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2007 жылғы 22 қазандағы «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 501 бұйрығы.

## Белгілеулер мен қысқартулар

АҚШ	- Америка Құрама Штаттары
БАҚ	- Бұқаралық ақпарат құралдары
ММ	- Мемлекеттік мекеме
БҚҚК	- Балалардың құқықтарын қорғау комитеті
ҚР БҒМ	- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

## Кіріспе

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Қазақстан Республикасындағы балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясат елдің конституциялық нормаларына сәйкес балалардың толыққанды физикалық, интеллектуалдық, психикалық, рухани-адамгершілік және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етуге арналған.

Қазіргі уақытта әлем елдері балалардың лайықты өмір сүру мәселесін түсінуге бет бұруда. Экономикалық дамыған елдерде, ең алдымен, баланың толыққанды дамуы, оның ата-анасымен және қоғамның басқа да мүшелерімен қарым-қатынасы, одан әрі өзін-өзі дамыту мәселелері қарастырылады [1].

Балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесі халықаралық құқықтық реттеу контекстінде қаралған. Біріккен Ұлттар Ұйымы және оның мамандандырылған мекемелері (Халықаралық Еңбек Ұйымы, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы, Білім, ғылым, мәдениет мәселелері жөніндегі ұйымы және т.б.) адам құқықтарына байланысты рәсімдер мен мәселелер бойынша үйлестіру және бақылау функциясын орындайды БҰҰ Бас Ассамблеясы бала құқықтарын бақылау мәселесін қарастыратын Біріккен Ұлттар Ұйымының алты негізгі органының бірі болып табылады.

Бала құқықтарына қатысты 1959 жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы балалардың құқықтары мен әл-ауқатына қатысты әлеуметтік және құқықтық принциптерді көрсететін «Бала құқықтары Декларациясы» қабылдады. Декларацияда «бала өзінің физикалық және психикалық жетілмегендігін ескере отырып, туылғанға дейін және одан кейін тиісті құқықтық қорғауды қоса алғанда, арнайы қорғау мен күтімді қажет етеді», деп пайымдалған. Сонымен қатар, Декларацияның принциптеріне сәйкес баланың білім алуға құқығы бар. Оған өзінің жалпы мәдени дамуына ықпал ететін және мүмкіндіктердің теңдігі негізінде өзінің қабілеттері мен жеке пайымдауын, сондай-ақ моральдық және әлеуметтік жауапкершілік санасын дамытып, қоғамның пайдалы мүшесі бола алатын білім берілуі керек [2].

1989 жылғы 20 қарашадағы Бала құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес Конвенцияға қатысушы мемлекеттер кәмелет жасқа толмаған, яғни 18 жасқа дейінгі әрбір бала білімге қол жеткізуін, тегін және міндетті бастауыш білім беруді және осындай білімді пайдалануда оларды қолдауды қамтамасыз етуге қажетті шараларды қабылдайды [3].

Конвенцияның Декларациядан айырмашылығы, Конвенцияда осы Конвенцияны ратификациялаған бүкіл мемлекеттердің мораль және құқық саласындағы нормаларды сақтау міндетті болып табылатындығы. Сонымен бірге, Конвенция балалардың құқықтары халықаралық құқық ретінде күшіне ие болған, сондай-ақ балалардың экономикалық, әлеуметтік, азаматтық және саяси құқықтары көрсетілген алғашқы халықаралық құжат болып табылады.

Осылайша, Қазақстан 1994 жылғы 8 маусымда «Бала құқықтары туралы Конвенциясы» қаулысының күшімен ратификацияланды. Осы сәттен бастап Қазақстан өз заңнамасын Конвенцияға сәйкес келтіру жөніндегі міндеттемелерді

өзіне қабылдады [4].

Қазақстан Республикасы Конвенцияға мүше елдер қатарына жататындығын ескере отырып, Қазақстанда Балалардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Комитеттің негізгі мақсаты балалардың құқықтарын қорғау мәселесіндегі мемлекеттің саясатын жүзеге асыру, балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларды кемсітушілікке жол бермеу, құқықтары бұзылған жағдайда, оларды ретке келтіру.

2017 жылдан бастап білім беру ұйымдары қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыру үшін алқалы басқару органдары құрылды. Осылайша, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібі бекітілді [5].

Қазіргі уақытқа дейін қамқоршылық кеңестің жұмысы толыққанды мемлекет бойынша жүргізілмеуі есебінен, мектеп әкімшілігі мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас пен түсіністік қиындауда. Сонымен қатар, мектептің ұйымдастырушылық ортасына бизнес ортаны шақыру және тиімді стратегиялық жолдар ұйымдастыру, бөлінген қаражатты тиімді пайдалану мәселелері орын алуда.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, әлеуметтік қызмет салаларында қоғамды шешім қабылдау жүйесіне қосу қажет. Қамқоршылар кеңесі білім беру мекемелері, қоғам және мемлекет арасында диалог орнатуға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибеде білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестердің қалыптасқан функцияларына келесі функцияларды көрсетуге болады:

- әлеуметтік функция-халықтың әртүрлі топтарын білім беру мәселелерін шешуге тарту;
- экономикалық функция-қаржыландырудың қосымша көзі;
- саяси-мемлекеттік білім беру саясатын жүргізу.

**Әдістеме.** Жұмыстағы деректерді қайталама талдау әдісі бойынша талдау. ұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін кең және тар контексте қарастыру, сонымен қатар оларды жаңадан алынған мәліметтермен салыстыру.

**Жобаның мақсаты.** Қамқоршылық кеңестің жұмыс істеуін ұйымдастырудың тиімді тетігін қамтамасыз ету жолдарын ұсыну. Платформа әзірлей мәселесін қарастыру.

**Жобаның міндеті:**

- қамқоршылық кеңестің құрылуына және оны жетілдіруге талдау жүргізу;
- елдің білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің құрылымы мен қызметін ұйымдастыруы бойынша қарастыру;
- қамқоршылық кеңестің шетелдік тәжірибесі мен үлгілерін зерделеу;
- қамқоршылық кеңесті жетілдіру және оны қолдану бойынша практикалық ұсынымдар әзірлеу.

**Зерттеу пәні.** Қамқоршылық кеңес, мектеп әкімшілігі мен ата-аналар арасындағы заңды түрде бекітілген қатынастар.

**Зерттеу нысаны.** Білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің

ұйымдық-құқықтық модельдері.

**Гипотеза және күтілетін зерттеу нәтижелері.** Мемлекет тарапынан зерделеніп жатқан және қамқоршылық кеңестінің қызметінің тиімділігі мен рөлін арттыруға мүмкіндік беретін тетіктер оқушының мүддесіне қарай жұмыс атқаратын болады ма, оның ішінде білім алу процессіне қажетті мәселелер оңтайлы шешу жолына алып келеді ме?

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы.** Қамқоршылық кеңес жұмысының сапасын арттыруға бағытталған ұсынымдар тәжірибеде пайдаланылуы мүмкін.

**Жариялым.** Мақаланың тақырыбы «Балалардың құқықтарын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жетілдірудегі негізгі мәселе: заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер енгізу үрдісі». Жарияланған орны мен мерзімі: InterConf Scientific Publishing Center, 28 сәуір 2023 жыл.

## Әдебиетке шолу

Білім беру мазмұнындағы түбегейлі өзгерістер, білім беру мекемелерінің дербестігін кеңейту, білім беру қызметтерінің сапасын жетілдіру мәселелерін өзектендіру, оларды халықаралық стандарттарға сәйкес басқару тұжырымдамасын оңтайландыру туралы мәселені негіз етіп қойды.

Кеңестік заман өткеннен қалған ең тұрақты мифтердің бірі — балалар біздің қоғамдағы жалғыз артықшылықты тап деген сенім болған [5].

Бала қоғамның толыққанды және тәуелсіз мүшесі ретінде жұмыс істей ала ма? Әрине, жоқ. Оған тәрбие, оқыту, қолдау және қорғау қажет. Тек ата-аналар мен мұғалімдер тарапынан емес. Белгілі бір жағдайларда педагогика, балалар мен жасөспірімдер психологиясы саласында кәсіби білімі бар және сонымен бірге мектептегі әлеуметтенуге тікелей қатысы бар маманнан қорғау қажет. Бұл білім беру жүйесінде кәсіби мәртебесі бар әлеуметтік мұғалім туралы [6]. Ойлау негіздері, ақыл-ой және шығармашылық қабілеттер, жаңа дағдылар ерте балалық шақта қалыптасады.

М. Б. Құдайбергеновтің айтуынша, кез-келген мемлекетте, кез-келген қоғамда балалар ерекше қамқорлықты пайдалануы керек. Балалар - бұл ең қымбат нәрсе, және бұл балалардың өмірі қаншалықты құрылғанына, мемлекет оларға қандай жағдай жасағанына және мемлекеттің болашағына байланысты [7].

Саясаттанушылардың балалардың құқықтары мен жағдайларын қорғау мәселесіне назар аударуы әлеуметтік саясатқа талдау жүргізу, проблемалардың шешімін табу, бала құқықтарын қорғау саласындағы бағдарламаларды әзірлеу қажеттілігінен туындайды. Ресейлік ғалым В.Ю. Краснова балалық шақ саясаттанушыларды қоғамның болашақ мүшелерін одан әрі әлеуметтік-саяси өмірге дайындайтын бастапқы саяси әлеуметтанумен байланысты жас когорты ретінде қызықтыра бастайды деп санайды [8].

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы», «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» Кодекстері, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Білім туралы» Заңдары және т.б. «балаларды ең жақсы қамтамасыз ету принципі» көрсетілген. Мысалы, Конвенцияның 13-бабының нормалары «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Заңда көрсетілген, онда «әр баланың сөз бостандығы мен өз пікірін білдіруге құқығы бар» делінген [12]. Осылайша, халықаралық заңнамада көрсетілген нормалар ұлттық заңнамада толық көлемде ерте уақытта көрсетілгендігін атап айтуға болады.

Алайда, ұлттық заңнамада бұрыннан бар кейбір нормалар халықаралық заңнамамен салыстырғанда балалардың құқықтарын неғұрлым толық көлемде қамтамасыз етеді. Мысалы Конвенцияның 28-бабына сәйкес «мемлекеттің тегін және міндетті жалпы білім беруді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерін көздейді», ал Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-бабына сәйкес тегін орта білім Қазақстанда міндетті.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы



конвенцияны іске асыруы туралы төртінші кезеңдік баяндамаға сәйкес республикада Бала құқықтары туралы конвенцияның негізгі ережелері туралы халықты хабардар ету бойынша жұмыстар жүргізілуде. Құқық қорғау органдары жүйесінің қызметкерлері мерзімді негізде балалардың құқықтарын қорғау саласындағы халықаралық нормаларды іске асыру мәселелері бойынша оқытудан өтеді және өздерінің кәсіби деңгейін арттырады.

Халықаралық конвенцияларды ратификациялау осы халықаралық шарттарда бекітілген құқықтарға сәйкес ұлттық заңнаманы өзгерту жөнінде қажетті шаралар қабылдауды, сондай-ақ баланы қорғауды жүзеге асыру және оның әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін тиісті институттар құруды көздейді [7].

Эрик Неумайерабтың теориясы бойынша халықаралық заңдардың қабылдануы елдегі жағдайға қалай әсер ететіні туралы бірнеше пікірлер бар. Кейбір теоретиктер халықаралық режимдер қатысушы мемлекеттердегі, әсіресе демократиялық елдердегі немесе адам құқықтарына арналған адам құқықтарын құрметтейтін жағдайды жақсарту алады дейді. Басқа ғалымдардың пікірінше, әлсіз азаматтық қоғамы бар өте авторитарлық басқару режимі бар елдерде ратификация ешқандай әсер етпейді және кейде тіпті құқықтардың бұзылуымен анықталады деп күтуге болады [8].

Автор Н. Калашникованың айтуынша, «ұлттық заңнаманы халықаралық міндеттемелерге сәйкес келтіруге жәрдемдесу (имплементациялық қызмет) бала құқықтарын Халықаралық қорғау бағыттарының бірі болып табылады» [9].

Балалардың ең жақсы мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету мақсатында 1994 жылғы 8 маусымда Қазақстан Республикасы Бала құқықтары жөніндегі конвенцияны ратификациялады. Осы сәттен бастап Қазақстан өз заңнамасын Конвенцияға сәйкес нормаларды келтіру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдады [9].

Қазақстан Конвенцияны ратификацияланғаннан кейін ұлттық заңнаманы Конвенцияға сәйкес келтіру бойынша белсенді жұмыс жүргізе бастады. БҚҚК уәкілетті орган ретінде осы салада тиісті жұмыс жүргізді және үш жыл сайын БҰҰ ның Бала құқықтары жөніндегі комитетіне қарау үшін Бала құқықтары туралы Конвенцияның нормалары мен негізгі ережелерінің орындалуы туралы баяндамалар ұсынды [10].

Ұлттық заңнаманың жақсарғанына қарамастан, 1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан терең экономикалық, әлеуметтік және саяси проблемаларды бастан кешірді. БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитеті бұл мәселелерге түсіністікпен қарады және әсіресе «өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі және өсіп келе жатқан кедейлік» деп атап өтті [10].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 шілдедегі қаулысымен «Қазақстан Республикасының Бала құқықтары туралы Конвенцияны іске асыруы туралы» екінші және үшінші жиынтық мерзімді баяндама бекітілді, оны БҰҰ-ның Бала құқықтары жөніндегі комитеті 2007 жылы Женевада өткен 45-ші сессияда тыңдады [11].

Қазақстан ұлттық заңнаманы Конвенция нормаларына сәйкес келтіру бойынша белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді. Мәселен, Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік және қылмыстық-атқару кодекстеріне Конвенцияның 2, 3, 6 және 12-баптары іске асырылды. Сонымен қатар, 2004 жылғы 9 шілдеде Қазақстан Республикасының «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» Заңы қабылданды [11].

Сонымен қатар, қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы іске асырылуда.

Мемлекет саясатының әрдайым жаңа бағыттарда өзгерістерге ұшырауына байланысты Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы Заңды жүзеге асыру мақсатында оны жетілдіру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде [12].

## Зерттеу әдістері

Жұмыста деректерді қайталама талдау әдісі қолданылды. бұрын жүргізілген зерттеулердің нәтижелерін кең және тар контексте қарастыру, сонымен қатар оларды жаңадан алынған мәліметтермен салыстыру.

Т. Ландман салыстырмалы зерттеуді «көптеген елдерді салыстыру, бірнеше елдерді салыстыру, және жекелеген елдерді зерттеу» деп бөлді [13].

Жоба барысында Америка Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Француз Республикасы, Финляндия Республикасы, Швеция, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі сияқты бірнеше елдің тәжірибесін зерттейтін жағдайлық зерттеулер қолданылады және қамқоршылық кеңесті қарастыру кезінде елдердегі жағдайды зерттеу қарастырылады.

Жекелеген елдер бойынша зерттеулердегі негізгі шешім елдерді таңдау болып табылады. Елдер зерттеуші олармен таныс болғандықтан немесе оларға қол жеткізе алатындықтан таңдалуы мүмкін, өйткені олар әлі зерттелмеген немесе басқа жағдайларға немесе зерттеулерге қатысты маңызды болып саналады. Осылайша, елдер ерекше немесе контр фактілі елдер санатының немесе тобының өкілі болып саналатындықтан таңдалуы мүмкін [14].

Халықаралық тәжірибе қамқоршылық кеңестердің институттары білім беру менеджментінде кең таралғанын көрсетеді. Бүгінгі таңда мәселені заң шығарушы жағыннан басты назар аудару қажет, өйткені қазіргі уақытта басқармаға қоғамдық қатысуға қатысты нормалар заңнамада жеткілікті егжей-тегжейлі жазылмаған.

Реформалардың әлеуметтік салдарын әлеуметтік, білім беру және қоғамдық қызметтің басқа түрлерін ұйымдастырудың әдістері мен технологияларын жетілдіру арқылы ғана жеңуге болады. Осыған байланысты ұйымдардың тиімді жұмыс істеуі мәселелері мен проблемаларын өзектендіру талап етіледі.

## Талдау және зерттеу нәтижелері


### I. Қазақстан білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңес

Қамқоршылық кеңес - білім беру ұйымының алқалы басқару органы ретінде, оның дамуына жәрдемдесетін және оның қызметіне қоғамдық бақылауды қамтамасыз етеді [9].

2007 жылы бастау алған мектеп деңгейінде қамқоршылық кеңестерді құру ашықтықты арттыру және есеп беру рәсімдерін жетілдіру үшін мүмкіндіктер ашуды көздеді. Құрамына ата-аналар, қоғамдық ұйымдардың, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері кіретін Қамқоршылық кеңес маңызды функцияларды ұсынды. Мысалы, мектептерді дамыту жоспарларын әзірлеу жұмысына қатысу, негізгі қызметкерлерді тағайындау, сыбайлас жемқорлық факторларын алдын алуда қолдау көрсету, оның ішінде мектептердің қаржылық қызметін қадағалау, жағдайлары төмен отбасыларға көмек көрсету, мектепке қажет құрал-жабдықтарды толықтыру мәселесі және т.б.

Қамқоршылық кеңестер пайда болғанға дейін мектептер айналасындағы қауымдастықпен ынтымақтастықты ынталандырудың өзіндік жолдарын іздеді. Көбінесе мұндай ынтымақтастық мектептің ата-аналарының жалпы жиналысы түрінде болды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының 2015 жылға Қазақстанның мектеп ресурстарына шолу бойынша ақпаратына сәйкес 3 259 немесе 44,1 % мектепте қамқоршылық кеңестер құрылған, бірақ іс жүзінде олардың өкілеттіктері орындалмады және олардың рөлі белгісіз болып қалды (1-сурет). Әдетте, сол кездегі қамқоршылық кеңестің қазіргі қызметі ата-аналар комитеттері сияқты әлеуметтік және мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесу болды [10].




Источник: АО «ИАЦ» по материалам ДДСО МОН РК

1-сурет. Сілтеме. «Ақпараттық-талдамалық орталығы» АҚ және ҚР БҒМ


Аталған ақпаратты ескере отыра 2017 жылы Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары әзірленді. Бұл Қағидалар қамқоршылар кеңестің стратегиялық, қаржылық және кадрлық шешімдер саласындағы өкілеттіктерін кеңейтуге бағытталды [9].

Мемлекетте қамқоршылық кеңестер енгізілгенге дейін мектептер басқа да қауымдастықтармен ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыстар атқарды. Көбіне ол ата-аналар комитеті түрінде болды. PISA-2012 зерттеуінің бір бөлігі ретінде мектеп директорлары әртүрлі мектеп іс-шараларына қатысқан оқушылардың ата-аналарының үлесін көрсетуі керек болды. Қазақстанда мектептің іс-шараларына ЭЫДҰ елдеріндегі орташа көрсеткішпен салыстырғанда ата-аналардың үлкен үлесі қатысады (2-3-сурет) [10].



2-сурет. Сілтеме: OECD Reviews of School Resources: Kazakhstan 2015. OECD /World Bank Group, 2015.

P.160



Note: This figure shows the school principals' report on the percentage of students' parents who participated in the school-related activities displayed above during the previous academic year.

Source: OECD (2013a), PISA 2012 Results: What Makes Schools Successful (Volume IV): Resources, Policies and Practices, <http://dx.doi.org/10.1787/9789264201156-en>.

3-сурет. Сілтеме: OECD Reviews of School Resources: Kazakhstan 2015. OECD /World Bank Group, 2015.

P.160

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында мектептік ұйымдарда алқалы басқару органдары құрылуы мүмкін деп анықталған. Сонымен бірге, Қамқоршылық кеңестің жұмысын бойынша үлгілік қағидалары бекітілген [11].

Қамқоршылық кеңес өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім беру ұйымының ережелерін ұстана отыры, өз кезегінде білім мектеп әкімшілігімен, ата-аналармен, жергілікті атқарушы органдармен, және өзге де құзыреттілігі бар ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды.

Қамқоршылық кеңестің мақсатына:

1. білім беру ұйымының жарлығында көрсетілген қызметтерді жүзеге асыруға жәрдемдесу;
2. оқу бағдарламаларын сәйкесінше іске асыру мақсатында оқушылар мен мұғалімдердің мүдделерін қарастыру;
3. мектептің қаржылық, материалдық-техникалық базасын оңтайландыру жұмысын жүргізу;
4. білім беру ұйымының дамуы бойынша жұмысты іске асыруда ықпал ету.

Қамқоршылық кеңестің негізгі бағыттары:

1. мектеп тарапынан ұйымдастырылатын әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге жәрдемдесу;
2. халықаралық ынтымақтастықты дамытуда үлес қосу;
3. қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларға тұрмыс жағдайын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету және т.б. болып табылады [15].

Қамқоршылық кеңесті қалыптастыру және оның құрамы бойынша ұсыныстарды білім беру саласындағы жергілікті атқарушы орган немесе оған тиісті саланың уәкілетті органы қабылдау туралы хабарландыруды тиісті интернет-ресурстары мен басылымдар арқылы орналастырылады. Хабарландыру жарияланған күннен кейін он жұмыс күні ішінде ұсыныстар қабылданады.

Қамқоршылық кеңес білім беру ұйымының әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды. Сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін орындауы өтеусіз негізде жүзеге асырылады [15].

Білім беру ұйымдарының қызметкерлері қамқоршылық кеңестің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат беруге жәрдемдеседі.

Қамқоршылық кеңес өз жұмысын бастаған уақыттан бері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі қамқоршылық кеңестерді дамыту жөнінде елеулі шаралар қабылдауда.

ҚР БҒМ-ның ақпаратына сәйкес мысал ретінде Павлодар қаласындағы Дарынды балаларға арналған № 8 мектеп-лицей ММ-дегі қамқоршылық кеңестің жұмысын көрсетуге болады.

Аталған мектептегі қамқоршылық кеңестің жұмысы ең үздік болып есептелді. Мысалға қамқоршылық кеңес тарапынан жаңа модель құрылып, ол арқылы мектеп пен ата-аналар арасындағы қарым-қатынасты тиімді орнату бойынша жұмыстар көрсетілген. Модельдің негізгі мақсаты мен міндеті оқу – тәрбие процесін жандандыру бойынша оқушының ортада тиімді дамуына, өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін бірлескен практикалық іс-әрекеттер үшін жағдай жасау және мектеп пен ата-аналар қоғамының сындарлы өзара іс-қимылына жағдай жасау, білім беру процесіне қатысушылар ретінде ата-

аналардың белсенді ұстанымын қалыптастыру, сондай-ақ мектептің жұмысына қатысуға өз үлесін қосу.

Қамқоршылық кеңес тек тәрбие іс-шараларына ғана емес, сонымен қатар мектептің материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша да белсенді жұмыс атқарып, түрлі деңгейдегі олимпиадалардың жеңімпаздары мен оларды дайындаған педагогтарды марапаттауға қатысады.

Лицейде өзара түсіністік пен қолдау кеңестігін құру мақсатында отбасы және мектеп жобасы әзірленді. Жобаның негізгі мақсаты - балалар мен үлкендердің бос уақытын және бірлескен шығармашылық қызметін ұйымдастыру үшін демалыс клубын құру, сонымен қатар мектептің ата-аналар қауымдастығымен серіктестік орнату, өзара түсіністік пен ынтымақтастық атмосферасын құру. Мақсатқа қол жеткізуде балалар мен жасөспірімдердің ерекшеліктерін ескере отырып әр бағытта мазмұнды талап қойылды. Ең бастысы, ата-аналар өздерін мектептің педагогикалық процесте пассивті бақылаушылары ретінде сезінуді тоқтатты. Мектеп аясында ата-аналарға арналған сауалнама жүргізіліп, нәтижесінде ата-аналар мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен, мектептің техникалық құралдарымен, сабақты беру үрдісімен, бала мен мұғалім арасындағы қарым-қатынасымен, балаға қатысты толық ақпаратымен қамтамасыз етуімен және мектептің өміріне қатысудағы орнымен толық қанағаттандырылған.

Сонымен бірге, қамқоршылық кеңес мектеп асханасында тамақтану сапасын бақылауды ұйымдастыруға, сынып ұжымдарында ыстық тамақ ұйымдастыруға қатысады.

Жалпы мектептік жиналыстар қамқоршылық кеңестің кеңейтілген құрамымен сыныптық ата-аналар ұжымдарының белгілі бір санын шақырумен өткізіледі. Жиналыс жартыжылдықта бір рет өткізілді, оның мақсаты нормативтік-құқықтық құжаттармен, негізгі бағыттармен, міндеттермен, жұмыс қорытындыларымен танысу, лицейдегі оқу-тәрбие процесін стратегиялық дамыту болды.

Жиналыс тақырыбы мектептің барлық құрылымдық бөлімшелерінің белгілі бір уақыт кезеңіндегі жұмысының есебі сипатында болды. Жалпы мектеп жиналысы алдағы сынып жиналыстарына материалдар ұсыну мақсатында өткізілді. Лицейдің қызметі туралы ата-аналарды хабардар ету мектеп пен отбасының ынтымақтастығын ұйымдастырудың шарттарының бірі болып табылады.

Мектептегі қамқоршылық кеңес өз жұмысында кездесулерді жылына кемінде төрт рет өткізеді. Әр жиналыстың нәтижесінде қамқоршылық қарастырған мәселелердің ішінен негізгісі ретінде мәселелер таңдалып, оларды мектеп әкімшілігіне және педагогикалық кеңеске жеткізеді. Сонымен қатар, жарты жылда бір рет мектептің есебімен танысады, оның ішінде қамқоршылық кеңес ұсынған қаражат бойынша, материалдық жабдықталу бойынша. Себебі қамқоршылық кеңес қаражат мәселесін тиімді пайдалану бойынша жауапкершілікті алды.

Қамқоршылық кеңестің жұмысы нәтижесінде ата-аналармен қарым-қатынас орнатылып, педагогикалық, оқушы және ата-ана ұжымдарының тең құқылы серіктестер ретіндегі өзара іс-қимылына негізделген педагогикалық жүйе құрылды.

Қамқоршылық кеңестің мектепке байланыста барлық мәселелерді қарастырады және қазіргі уақытта маңыздылығын көрсетуде. Мысалға, қамқоршылық кеңес келесі мәселелер бойынша да өз үлесін қоса алады:

- мектептің имиджін жасауда;
- мектеп оқушылары үшін қосымша білім беру бағдарламаларын әзірлеуде мектеп қызметкерлерімен келісуде;
- мектептің халықаралық ынтымақтастығын нығайтуда;
- мектепте өткізілетін акцияларда, жәрдемдесу шараларында, әлеуметтік маңызы бар шараларда;
- мектептің ашықтығын көрсетуде [14].



## II. Қамқоршылық кеңестер модельдерінің түрлері

Мектептегі білім беру жүйесі - оқыту және басқару процестерін стандарттауды барынша пайдаланатын ең ірі ұлттық мәселе. Осы орайда мектептегі білім беру жүйесі өз ортасына сәйкес консервативті және икемсіз. Және де Америка Құрама Штаттары мен Еуропадағы білім беруді реформалау тәжірибесі мектептегі білім беру жүйесі өзгерістерге қарсы тұратын жүйелердің бірі екендігін көрсетті. Білім беру жүйесін «жоғарыдан төменге» әдісі бойынша қарастырып, өзгерістер енгізу үрдісі де ешқандай нәтиже бермеді. Ал мектептер деңгейіндегі инновациялық белсенділік білім беру жүйесін «төменнен жоғары» әдісі бойынша өзгерту сұрағы жеткіліксіз болды. Бұл реформаторлық қысымның ішкі ұйымдастырушылық көздеріне сену мүмкін еместігін білдірді.

Іс жүзінде мұндай механизмді корпоративтік басқару (Corporate Governance) арқылы жүзеге асыруға болады. Корпоративтік басқаруды менеджменттен ажырату үшін (Corporate Management) кейде Governance – Басқарма терминінің дәлірек орыс аналогы қолданылады.

Ірі ұйымдарда басқаруды орталықсыздандыру корпоративтік басқару жүйесінің кеңеюімен қатар жүреді. Бұл ретте ұйымның жекелеген бөліктеріне белгілі бір іс-қимыл еркіндігі беріледі, орталықтандырылмаған бөлімнің басшысына ұйымның өзіндік жұмысы үшін қажетті өкілеттіктер беріледі. «Стейкхолдерлердің» мүддесі үшін ұйымның іс-әрекеті мен дамуын Директорлар кеңесі қадағалайды. Кеңеске ұйым басшысын жалдауға және жұмыстан шығаруға, оны төлеуге, стратегиялық шешімдер қабылдауға, ұйым қызметінің нәтижелерін тексеруге және т.б. қатысты өкілеттіктер берілуі мүмкін.

Ұлттық білім беру жүйелерінде мектептің сыртқы қысымының немесе қоғамдық басқарудың мұндай органдары өте алуан түрлі: «кеңестер», «комитеттер», «комиссиялар», «басқарушылар», «қамқоршылар», «сенімгерлер», «жәрдемдесушілер», «келісушілер», оларды «мектеп кеңестері» жалпы атауымен біріктіруге болады. Пішіндердің алуан түрлілігімен олардың барлығында екі белгі бар. Біріншіден, олардың құрамына қоғам өкілдері (оқушылардың ата-аналары, мектеп қызметкерлері, жергілікті қоғамдастық өкілдері) кіреді. Екіншіден, мектеп кеңестері мектептің қызметіне қатысты шешімдер қабылдай алады, яғни олар басқарушылық өкілеттіктерге ие. Мұндай мектеп кеңестері-бұл мектепті басқаруға қоғамдық қатысу институты.

Сипатталған тәсіл шеңберінде ұйымды дамытуды орталықтандырылмаған бизнес-бірліктің басшысы Директорлар Кеңесінің қолдауымен, бақылауымен немесе қысымымен жүзеге асырады.

*Мектеп директорына көмек көрсету шеңберінде Кеңес функциясы қарастырылған органдар*

Әр елдегі органдардың қызмет салалары айтарлықтай әртүрлі. Кейбір жағдайларда мұндай органдар тек ұсыныстар жасауға немесе пікір білдіруге құқығы бар. Ондай айырмашылықты Бельгиядағы фламанд қауымының

мемлекеттік мектептерінде, сондай-ақ Голландия мен Норвегияда байқауға болады.

Ал Еуропаның басқа елдерінде аталған орган мектеп бағдарламасынан тыс іс-шараларға қатысуға мүмкіндігі бар, сонымен бірге олар педагогикалық бастамалар мен білім беру іс-шараларына ықпал ете алады. Мысалға Германия Федеративтік Республикасында мектеп конференциясы мектеп өмірі мен оқытудың әртүрлі аспектілерімен айналысады (бағдарламалар, үй-жайларды бөлу, мектептегі іс-шаралар, сақтық шаралары). Сонымен қатар, ол үй тапсырмасы немесе мектеп эксперименттерін жүргізу сияқты жалпы мәселелермен айналысады.

Шотландияда мектепті басқару бойынша кеңестер (School Boards) 1988 жылдан бастап аймақтық білім беруді басқару органдарында әкімшілік мәселелерді шешуге өсіп келе жатқан дәрежеде қатысады [15].

*Мектеп басшысымен бірге мектептің ағымдағы жұмысына жауап беретін шешімдер қабылдауда белгілі бір өкілеттіктері бар органдар*

Грецияда мұғалімдер конференциясы мектептің жұмысын ұйымдастыруға (тәртіпке), сондай-ақ мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы тұрақты байланыстарды қамтамасыз етуге жауап береді.

Данияда мектеп конференциясы мектептің жұмыс тәртібіне жауап береді. Сонымен қатар, мектеп конференциясының міндеті – мектеп бағдарламасын әзірлеу және оны муниципалдық кеңеске бекіту.

Испанияда Consejo eskolar del centro мектеп өмірін тексереді және басқарады. Ол бүкіл мектеп қауымдастығының белсенді қатысуын қамтамасыз етеді және мектеп басшысын таңдайды [16].

*Мектеп әкімшілігінің өкілеттіктері бар қоғамдық органдар*

Governing bodies және Boards of Governors міндеттеріне мектептің бағыты мен міндеттерін анықтау, ресурстар мен кадрларды басқару жатады. Бұл жағдайларда шынайы өзін-өзі басқару органдары туралы айтуға болады.

Мұнда сипатталған органдар бір-бірінен, соның ішінде олардың құрамы жағынан да ерекшеленеді: ата-аналар барлық органдарда ұсынылған кезде, жергілікті білім беру органдарының өкілдері әрдайым шақырыла бермейді. Грецияда, Испанияда, Францияда және Португалияда, яғни мектеп әкімшілігінің орталықтандыру сипаты бар елдерде, сондай-ақ Англияда, Уэльсте және Солтүстік Ирландияда кеңестерде ата-аналар да, басқару қызметкерлері де бар.

Мұғалімдер мен ата-аналардың (немесе ата-аналар мен оқушылардың) сандық қатынасы да айтарлықтай өзгереді. Кейбір елдерде мұғалімдерден гөрі ата-аналар көп (Дания, Ирландия кіші мектепте және Шотландия өзін-өзі басқаратын мектептерде (Self governing Schools). Швецияда құрамы коммунаға (муниципалитетке) байланысты өзгереді [16].

### **III. Халықаралық тәжірибедегі орта білім беру жүйесіндегі қамқоршылық кеңес**

#### *1. Ресей Федерациясындағы қамқоршылық кеңес.*

Қамқоршылық кеңес қоғамда бар түрлі ұйымдардың тиімді жұмысына ықпал етуге бағытталған. Олар ұйым басшылығының кез-келген шешім қабылдауында көмекші құрал ретінде әрекет етеді және тек ұсынымдық қана емес, сонымен қатар жалпыға бірдей міндетті болуы керек. Бұл әсіресе білім беру саласында айқын байқалады.

Ресей Федерациясының білім беру ұйымдарындағы қамқоршылар кеңесінің құрамы келесі тұлғаларды қарастырады:

1. Мемлекет тарапынан білім беру саласындағы құзыретті тұлғалар, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдары, білім беру органдарының тұлғалары;

2. Қоғамдық, коммерциялық, коммерциялық емес ұйымдардан шыққан тұлғалар;

3. Мектеп әкімшілігі, ата-аналар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері.

Бұл өкілдер жалпы білім беретін мекеменің қызметін жетілдіруге және дамытуға мүдделі.

Ресей Федерациясының орта білім беру жүйесін жаңғырту аясында мемлекеттегі мектептерде қамқоршылық кеңестер құрылды. Қамқоршылық кеңестің мақсаты мектептерге қаржылық көмектің барлық түрлерін насихаттау, сондай-ақ қоғамдық бақылау жүйесін құру болып табылады [17].

Қазіргі уақытта азаматтардың әлеуметтік салаға және қызметтерді басқаруға белсенді қатысуы үшін құқықтық мүмкіндіктер жасалды. Азаматтық институттарды дамыту бойынша іс-шаралар қабылдануда, олардың қатарына қамқоршылық институты да кіреді. Мысалға, 2012 жылы Ресей Федерациясының Үкіметі жанынан әлеуметтік саладағы қамқоршылық мәселелері жөніндегі кеңес құрылды. Кеңестің негізгі міндеттері қатарына:

1. Мемлекеттік саясатты іске асыруға, қайырымдылық пен қамқоршылықты дамытуға жәрдемдесу;

2. Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша азаматтардың, қоғамдық және өзге де ұйымдардың тұжырымдамаларын, бағдарламаларын, сондай-ақ бастамаларын әзірлеуге және қарауға үлес қосу;

3. азаматтарды әлеуметтік саладағы мемлекеттік билік органдарының қызметі туралы, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттандыруға және әлеуметтік саладағы мемлекеттік билік органдарының қызметіне қатысты мәселелерді жария талқылауға қатысу; сонымен қатар, әлеуметтік саладағы атқарушы билік органдарының қызметі туралы азаматтардың пікірін талдау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар дайындау;

4. Кеңес құзыретіндегі мәселелер бойынша федералдық заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына қоғамдық сараптама жүргізу бойынша ұсыныстар беру.

Ресей Федерациясының Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметтері бойынша Ресейдегі қамқоршылық кеңестердің саны 4 мыңға жуық, оның көбі білім беру саласында кең таралған (2052 бірлік) [18].

Қамқоршылық кеңес қызметінің мәні қосымша қаражат тартумен ғана шектелмейді. Олар сондай-ақ білім беруді басқаруға жұртшылықтың қатысу нысаны болып табылады, ол арқылы: білім беру қызметтерін ұсынуда қоғамдық бақылау, білім беру үрдісін жүзеге асыру тәсілдерін қарастыру; көрсетілетін қызметтердің сапасын бағалау; өзекті мәселелерді шешуге жәрдемдесу; мекеме туралы ақпаратты ілгерілету және т. б. жүзеге асырылады. Сонымен қатар, білім беруді қоғамдық басқарудың бір түрі ретінде басқарушы кеңестерден айырмашылығы, қамқоршылық кеңестің шешімдері мекеме үшін міндетті емес, тек ұсынымдық сипатта болуы керек.

Ресейдегі қамқоршылық кеңестердің қарастырылған тәжірибесіне сүйене отырып, SWOT талдауы жүргізілді.

<p><b>Мықты жақтары</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қосымша ақшалай қаражат тарту;</li> <li>• мекемелерде немесе оның қамқорлығындағы мекемелерде туындаған проблемаларды жедел шешу;</li> <li>• мекемелер басшылығының қызметіне қоғамдық бақылауды жүзеге асыру [19]</li> </ul>	<p><b>Әлсіз жақтары</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қамқоршылық кеңестің болуы тек «қағаз жүзінде»;</li> <li>• қамқоршылық кеңес ұйым түрінде ресімделмеген;</li> <li>• қамқоршылық кеңестердің нақты белгіленген мақсаттары, міндеттері мен функцияларының болмауына байланысты басқарушылар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің қамқоршылық кеңесін алмастыруы;</li> <li>• қамқоршылық кеңестің қызметі, олардың қоғамдағы рөлі туралы ел арасындағы ақпаратының тапшылығы [19]</li> </ul>
<p><b>Мүмкіндіктер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• федералдық деңгейде қамқоршылық кеңестердің құқықтық негіздерін қабылдау және олардың аймақтық деңгейде тиімді дамуына мүмкіндік беретін бірыңғай мемлекеттік саясат құру;</li> <li>• жеке есеп айырысу шоты, жарғысы, құрылтай құжаттары бар коммерциялық емес ұйым нысанында қоғамның бастамасы бойынша қамқоршылық кеңестерді міндетті түрде құру;</li> <li>• БАҚ-та қамқоршылық кеңестер Әлеуметтік сала мекемелері жұмысының тиімділігін арттыру, сондай-ақ көрсетілетін қызметтердің сапасына қоғамдық бақылауды ұйымдастыру, қамқоршылық кеңестер қызметінің</li> </ul>	<p><b>Қауіптер</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• қоғамдық сектордың дамуы және кез келген жерде әлеуметтік бағдарланған бизнес ортаның болмауы;</li> <li>• бюджеттік мекемелерді жеткілікті мемлекеттік қаржыландыру, нәтижесінде көптеген азаматтардың пікірінше, қамқоршылық кеңестер қажет болмайды;</li> <li>• қоғамдық бақылаудың басқа құралдарын дамыту, соның салдарынан қамқоршылық кеңестерді Әлеуметтік сала мекемелерінен вытыстыру; мекемелердің бюджеттен тыс кірістерін жоспарлау жүйесінің жетілмегендігі, оларды ұтымсыз пайдалану;</li> </ul>

табысты практикасының мысалдары туралы ақпарат тарату мақсатында құрылатынын түсіндіру қажет [20]	• заңды түрде ресімделмеген қамқоршылық кеңестер сыбайлас жемқорлықты сілтейді [20]
Ескерту – [17], [18] дереккөздері негізінде автормен құрастырылды	

## *2. Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің білім беру ұйымдарындағы басқарушы кеңестер*

Қамқоршылық кеңестер Ұлыбританияда айтарлықтай дамыған дәрежеде. Ұлыбританияда негізгі стратегия ретінде басқарушы кеңестер арқылы басқаруға «мүдделі тараптарды» енгізе отырып, мектептегі білім беруді басқаруды орталықсыздандыру таңдалды. Алайда, Ұлыбританияда мемлекет орталықсыздандыру кезінде мектептерді басқарудан бас тартқан жоқ. Мемлекет 28 000-ға жуық ағылшын мектептерін қаржыландыру, саясат және оқыту бағдарламаларының негіздері үшін жауапкершілікті өз мойнына алды. Мемлекеттің білім беру реформасындағы идеологиялық рөлі «цементтеуді» және білім беру жүйесін орталықтандыруды тудырмады, өйткені негізгі көзқарас білім беруді дамытуды нарықтық реттеуге қоғамның (сатып алушылардың) білім беруді басқаруға қатысуына барынша жақындау болды.

Тұрақты тоқыраудағы білім беру мекемелері үшін нарықтық орта құру әрекеттері Ұлыбританияда өте қызықты және сәтсіз эксперименттер жүргізді. Олардың бірі бастапқыда инновациялық жұмыс стиліне бейімделген және қызмет сапасының «жолағын» белгілейтін жергілікті бәсекелесті оқытудан тұрады. Ұлыбританияда мемлекет білім беру саласындағы өзгерістер мен инновациялар идеяларын жүргізуші рөлін атқарады. Бұл, нақтылай келгенде, қоғамның білім беруді басқаруға қатысу тетігі ретінде мектептердің басқарушы кеңестерін үлкен табыспен пайдалануға мүмкіндік берді.

Мектептің үлкен көрінісі мен ұзақ мерзімді мақсаттарын көру үшін басқарушы кеңестер үнемі кездесулер ұйымдастырады. Олар мектептің мәдениеті мен құндылықтарын мүмкіндіктер мен қиындықтарға жауап беру арқылы белгілейді. Губернаторлар мен басқарушы кеңестер директормен тығыз жұмыс істей отырып қолдайды және мәселелер пайда болған уақытта өз пікірлерін білдіреді.

Губернаторлар әдетте жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызмет ететін мектептерде жұмыс істейді, ал басқарушы кеңестер мектептің қамқоршылар кеңесінде жұмыс істейді.

Басқарушы кеңес мектептің стратегиясын әзірлейді, қаржылық көрсеткіштерін бақылайды және оның тиімді жұмсалуды қамтамасыз етеді. Әр оқушының ең жақсы білімі болуын қамтамасыз ету үшін мектеп басшысын жауапкершілікке тартады және оқушылармен, қызметкерлермен, ата-аналармен және мектеп қауымдастығымен олардың көзқарастарын түсіну үшін өзара әрекеттер жасайды.

Басқару кеңесі жұмысының тиімді, әрі пайдалы болуы үшін келесі шараларды қамтиды:

- кеңестің отырыстарына қатысу: олар әдетте жылына алты рет өткізіледі және жұмыс уақытынан тыс уақытта өткізілуі мүмкін;

- мектептің жұмыс барысы туралы ақпарат пен мектеп жұмысының үрдісінің жақсару дәлелдерін қарау және мектеп әкімшілігімен оны талқылау;
- іс жүзінде жұмыс істейтін жоспарларды қарастыру және қызметкерлердің, оқушылардың және ата-аналардың пікірлерін тыңдау;
- мектеп директорын тандау және тағайындау;
- оқушыларды шеттету және қызметкерлердің тәртіптік мәселелері бойынша шешім қабылдау;
- кіріспе оқытуды және тұрақты дамуды жүргізу [21].

Ұлыбританияда басқарушы кеңестің міндеттерінің жалғыз анықтамасы жоқ, бірнеше Директорлар кеңесі бірлестіктері бұл рөлді олардың көзқарастары арасында белгілі бір дәрежеде сәйкестікпен анықтады.

Ағылшын реформасының мектепті басқару бөлігіндегі жетістіктері мен қиындықтарына тоқталатын болсақ.

Бірінші жетістік: білім беруді реформалау жауапкершілігі тікелей мектептерде. Бұл үшін мектептер қаржы және билік өкілеттіктерімен жеткілікті қамтамасыз етілген. Бұл ретте олар жұртшылыққа есеп беруі тиіс, бұл оларды неғұрлым жауапты позицияға қояды.

Екінші: жақсы директорлар мен мұғалімдер көптеген ресми тәуелділіктерден босату сезімін дамытты. Енді жергілікті білім беру органдарынан шұғыл қажет болған сайын жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат сұраудың қажеті жоқ. Мұны енді ешкіммен келісудің қажеті жоқ, тек оны алып, жасау керек.

Үшіншісі: мектептерді әртараптандыру мүмкіндігі пайда болды, өйткені қазір әр мектеп өз тағдырына жауап береді.

Төртінші: мектептердің өмірін демократияландыру. Қазір мектепті басқаруға бұрынғыдан да көп ата-аналар қатысады.

Бесінші: мектептің негізгі міндеттерін орындауға қатысты мәліметтер кеңінен жарияланады. Бұл білім берудің жариялылығының британдық нұсқасы. Сондықтан бүгінгі таңда ешқандай проблемалар жұртшылықтың назарынан тыс қалмайды. Бірақ әлі күнге дейін тиісті шешімдер табылмаған сұрақтар бар.

Бірінші мәселе: мектеп Басқарушы кеңесінің құрамына кіретін азаматтар іс жүзінде ерікті болып жұмыс істейді.

Екінші мәселе: әлі де көп нәрсе директорға, оның жеке қасиеттеріне және кәсіби дағдыларына байланысты.

Ұлыбританиядағы өзгерістердің бүкіл процесі шамамен 15 жылға созылды, кейде ол өте проблемалы, өткір және қарама-қайшы сипатқа ие болды. Бірақ қазір мектептегі ағылшын жұмысшыларының көпшілігі (және ата-аналар) бұрынғы жағдайға оралғысы келмейтініне сенім білдіруде [22].

### 3. Америка Құрама Штаттарындағы қамқоршылық кеңес

Мектеп ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестердің басқару функциялары бар және олар қосымша қаржыландыру көзі ретінде қарастырылмайды. Басқару функцияларына мектепті (немесе мектеп ауданын) дамыту стратегиясы мен саясатын әзірлеу, мектеп әкімшілігінің қызметін басқару және бақылау және мектептердің (мектеп ауданының) қоғам алдында есеп беруін қамтамасыз ету кіреді. Сонымен қатар, қамқоршылық кеңестер, әдетте, коммерциялық емес ұйым түрінде дербес заңды тұлға мәртебесіне ие. Сонымен қатар, барлық қаралған елдерде қамқоршылық кеңестердің қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлейтін институционалдық құрылымдардың болуы анықталды. Мұндай құрылым мемлекеттік органдар немесе қамқоршылық кеңестердің ұлттық қауымдастықтары арқылы ұсынылған.

АҚШ ұлттық мектеп кеңестері қауымдастығының халыққа білім беру орталығының зерттеуі [23] мектептегі тиімді қоғамдық кеңестердің келесі сегіз сипаттамаға ие екендігін көрсетті:

